




18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Предмодернизм көркемдік бағыты





ПРЕДМОДЕРНИЗМ КӨРКЕМДІК БАҒЫТЫ

1. Предмодернизм ерекшеліктері
2. Натурализм
3. Импрессионизм
4. Эклектизм
5. Модерн

Құрметті тыңдаушылар, әлемдік мәдениет тарихын қарастыру арқылы өнердегі көркемдік бағыттармен таныстыруды жалғастырамыз. Келесі тақырыбымыз жаңа көркемдік дамудың тұтас бір кезеңін ашатын XIX ғасырдың екінші жартысындағы көркемдік авангардтық бағыттар тобының бір бағыты – предмодернизм.

Жалпы жаңа дәуірде авангардизм мен реализм қатар дамыды, олардың ерекшелігі тарихи тұрғыдан алғанда бірінен соң бірі емес, қатар жүруінде.

Көркем бағыттың авангардтық топтарына предмодернизм, модернизм, неомодернизм, постмодернизм жатады. Бұл топтағы бағыттың әрқайсысы өзінше көрерменді таңғалдырып шығады да, бір-бірінің орнын баса отырып, алдыңғысы қалыпты, тіпті, классикалық өнер түріне айналып кетеді. Бұл бағыт өнер туындыларының ерекшелігі оқырман, көрермен немесе тыңдаушының белсенділігі маңызды болады, мұнда туындыны жаратушы автормен қатар, оны түсіндірушінің де ерекше орны болады. Авангардтық бағыттардың көркемдік концепциясының негізгі ережелерінің бірі – адамзат қоғамының қазіргі заманғы өмірінің заңы – хаос, ретсіздік болып табылады. Барлық авангардтық бағыттар бейсаналық бастаманың үлесін арттырып, саналылықты кейінге ысырып қояды. Бұл бағыттар бұқаралық өнер мен жеке тұлға санасының қалыптасу мәселелеріне көбірек көңіл бөледі.

Авангардтық бағыттарды біріктіретін ерекшелік ғаламдағы адамның жағдайы мен мақсатына жаңаша көзқараспен қарау; сақталып қалған ережелер мен нормалардан, салт-дәстүрлерден бас тарту, форма мен стиль саласында тәжірибелер жасау, жаңа көркем құралдар мен тәсілдер іздеу болып табылады.

Осы жерде, предмодернизм атауы мен сипаттамасын беретін Юрий Боров екендігін атап өтеміз. Предмодернизм кезеңінде модернизм ерекшеліктері енді ғана қалыптасып келе жатқан, суретшілер әзірге шектерге түспей, барлығында белгілі бір өлшемдерге бағынған болатын. Бұл авангардтың осы кезеңінің көркемдік классикаға біртіндеп өтуіне мүмкіндік берді. Соныдықтан да, бұл кезеңді автордың жеке бөліп алуы, өтпелі кезеңді белгілеуге ұмтылғандығымен түсіндірілетін сияқты.

Ғылым мен өнер табиғатты игеруге ғана емес, әлем мен адамды түсінуге, адамгершілік кемелденуге, қоғамдық институттардың әділеттілігі мен тіпті адамның бақытты болуына алып келеді деген ағартушылар үміті ақталмады.

XIX ғасыр бұрын қалыптасқан мәдениет бейнесіне елеулі түзетулер енгізді. Белгілі тарихшы Георгий Кнабенің пайымдауынша, «еуропалық мәдениет орталығы жылжыды», материалдың мәселелер, еңбек, күнделікті өмірдегі қайғы мен қуанышқа, яғни нағыз өмірге «төменге қарай» қозғалыс басталды. Ғасырлар бойы мәдениеттегі анықтаушы ретінде дүниетаным, теория, норма, асқақ өнер мен діндегі шынайылықты белгілеу орын алса, ал адам құндылығы идеал, отан немесе еркіндік үшін жасаған ерліктерімен бағаланды. Тірі, жеке, нақты адам осы үдерістердің шынайы негізі болғанымен, оның күнделікті өмірі, мінез-құлқы мен ерекшеліктері мәдениет үшін қызығушылық тудырмады. Енді нақты адамның шынайы өмірі жеке мәдени құндылыққа айналды. XIX ғасырдың екінші жартысы әдебиет пен кескіндеме өнерінде реализм немесе натурализмнің гүлдену уақыты болып, сонымен қатар, импрессионизм қарапайым заттардың поэзиясын беруге ұмтылды.

Декаданс – XIX-XX ғасыр тоғысындағы еуропалық мәдениеттегі классикалық дәстүрлердің үзілу рәмізіне айналды, франц. *decadence*, кейінірек лат. *decadentia* – құлдырау деген мағына береді. Оның бастауында француз ақыны Шарль Бодлер тұрды. Оның поэзиядағы рөлі Эдуард Маненің кескіндеме өнері тарихындағы рөлімен сәйкес болды. Екеуі де классикалық өнердің соңғы ширегінде тұрып келесі жаңашыл қозғалыстарға жол ашты.

Осылайша, өзінің бастауын антикалықтан алатын, күші, табиғилығы мен сұлулығына таңғала отырып, қлассикалық өнердің келмеске кеткеніне өкініш білдіргенімен, заманауилықтың шексіз күрделілігі және көпжақтылығын бейнелеудің жаңа құралдарын іздеу арқылы XX ғасыр алдындағы өнер өзіне мәдениет авангарды рөлін алды.

XIX ғасыр мәдениеті әлі де рационалдылық пен әмбебаптылықтың шекараларында дамыды. Сонымен қатар, алдағы уақытта толық жүзеге асатын жаңа үрдістер де пайда болды:

- біріншіден, мәдениет құндылықтарының қатарына күнделікті өмірдің кіруі, өнердің өмірдегі



тұрмыстық салаларға жылдам жайылу үдерісі; екіншіден, білім беру жүйесінің дамуы, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық мұражай, тұрақты баршаға қол жетімді көрмелердің пайда болуында көрініс тапқан, мәдениет демократизациясы;

- мәдениет түсіндірмелерінің иррационалистік және мифологизаторлық нұсқаларының пайда болуы, бұған мысал ретінде Фридрих Ницшенің «мәңгілік қайтып оралу» концепциясын айтып өтуге болады;
- мәдениеттің еуропаорталықтық моделінен алшақтау, өзіндік құндылыққа ие жаңа мәдени әлемдердеің ашылуы, мысал ретінде, жапондық кескіндеме өнерінің импрессионистерге тигізген әсерін атап өтсек болады.

Осы кезеңді сипаттауда нақты ақпарат беретін бағыттардың бірі натурализм. Бұл – заттық-материалдық әлемдегі тәндік адам, жоғары дамыған биологиялық түр ретінде де, өзінің әрбір әрекетінде назар аударуға тұрарлық, қанша кемшіліктері болса да, әлем тұрақты, ол туралы мәліметтер жалпы қызығушылық тударады деген тұжырымды ұстанатын көркемдік бағыт.

Натурализм адам санасында өзінше бір өзнеріс алып келді, енді адам тағдырға, тіпті Құдайға да, яғни тылсым сыртқы күштерге сенбейтін болды, бірақ, басқа жағынан алғанда, инстинкт, рефлекс, әлеумет сияқты күштердің алдында әлсіз болып қалды. Натуралистер адамдар арасындағы қақтығыстырды адамдардың ішкі сезімдерінің қоғамдағы өмірі үшін күресі деп бағалады.

Натурализмнің қалыптасуы жаратылыстану жетістіктері мен позитивизм идеяларын бекітумен тікелей байланысты. Натурализмнің шығармашылық бағдарламасы классицизмнің нормативті эстетикасына, романтикалық мәдениет «идеализміне», сонымен қатар «шектелген» реализмге дәйекті түрде қарсы қойылды. Натурализм бойынша барша әлем, табиғаттың бөлігі тылсым күштер арқылы емес, өз заңдарымен түсіндіріле алады. Натуралистер барлығын шынайы көрсетуге тырысады, шығармашылық үдерісте қиял-ғажайыптың қатысуы әлсірейді. Натурализм адам өмірінің әлеуметтік жағдайын егжей-тегжейлі көрсетеді және оның кемшіліктерін жасырмайды. Натурализмнің авангардтық сипаты дәстүрлі көркем бейнені бұзу және қайта құруды бастаған көркем бағыт ретінде көрінеді. Бұл үдеріс XX ғасырдағы модернистік өнерде тереңдей түсті.

Веризм натурализмнің аясында Италияда дамыған көркемдік бағыт, латын тілінен *verus* = ақиқатты, шынайы деген мағына береді. Натуралистік шығармалар өзгермелі түстерді, қоршаған әлемнің белгісіз нысандарын және шындықты қабылдайтын адамның белгісіз көңіл-күйлерін белгілейді. Бұл жағдай натурализмнің дағдарысына, оған деген импрессионистік қарсылыққа алып келді.

Осының нәтижесінде келесі бағыт – импрессионизм өзекті болды. *Impression* – француз тілінен аударғанда – әсер деген мағына береді, ол Клод Монеің 1874 жылы алғаш Парижде көрсетілген суретінің атынан шыққан термин. Импрессионизм – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы нәзік, әсерлі, лирикалық тұрғыда сұхбатқа дайын әлемнің сұлулығына таңдана қарайтын тұлғаны бекітетін көркемдік концепцияның нақты нұсқасы болып табылатын көркемдік бағыт. Импрессионизм шынайылықты қабылдаудың жаңа типін ашты. Оның қалыпты дүниені көрсетуге ұмтылатын релизмнен ерекшелігі, суретшінің субъективті көзқарасындағы ерекше, бірегейлікке назар аударуы.

Импрессионизм қоғамда екі жақты пікір қалыптастырды, біреулер үшін ол – бас тарту және наразылық болса, басқа көзқарастағылар үшін кескіндеме өнерінде жаңа дәуірдің туындауы болды.

Импрессионизмге сипаттама беретін болсақ, түстерді меңгеру, жарық пен көлеңке, әр түрлілікті беру қабілеті, өмірдің көп түстілігі, тіршіліктегі қуаныш, жарықтандырудың сәттерін және қоршаған ортаның өзгеретін әлемінің жалпы жағдайын белгілеу, бейнеленетін затқа эстетикалық түр беретін табиғи жарық болып табылады.

Импрессионизм кескіндеме өнерінде Клод Моне, Пьер Огюст Ренуар, Эдгар Дега, Альфред Сислей, Винсент Ван Гог, Поль Гоген, Анри Матисс және музыкада Клод Дебюсси, Морис Равель және де әдебиетте Ги де Мопассан, Кнут Гамсун, ағылшын жазушылары Оскар Уайльд, Артур Саймонс сынды өнер қайраткерлерінің шығармашылығында орын алды.

Жаңа бағыттың өкілдері академиялық, дәстүрлі техникалар, мәселен, бейнелеу немесе сәулет өнерінде қоршаған ортаны толыққанды және ұсақ бөлшектерінде бере алмайды деп есептеп, ең алдымен кескіндеме өнерінде, кейін әдебиет пен музыкада мүлдем жаңа техникалар мен әдістемелерді қолдануға көшті. Олар автордың көргенін өз әсері мен сезімдері арқылы беруінің негізінде шынайы әлемдегі қозғалыс пен өзгерісті анағұрлым тірі және табиғи түрде бейнелеуге мүмкіндік берді. Импрессионистерге тән тақырып пейзаж болып табылады, дегенмен де басқа да бейнелер бар. Мысалға, Дега ат жарыстары, балериналар мен кір жуушыларды бейнелесе, Ренуар – әдемі әйелдер мен балалардың суретін салды.



«Импрессионизм» терминінің авторы француз сыншысы және журналисті Луи Леруа. Бұл терминнің аталуына негіз болған сыншының Клод Моненің «Танданыс. Көтерілген күн» суретін көруі және соның ерекше әсері.

Кескіндеме өнеріндегі жаңа бағыт дәстүрлі академиялық тәсілден толықтай бас тартты немесе жаңашылдық енгізе отырып, әдіс пен тәсілдерді толы өзгертті. Негізгі ерекшеліктерді атап өтуге болады:

- Заттар, объектілер немесе фигуралар контурсыз бейнеленді, оларды ұсақ және қарама-қарсы жағындылар алмастырды;
- Түстерді араластыру қолданылмады, біріктірілмей бір-бірін толықтыратын түстер таңдалды;
- Қара түстің болмауы;
- Өзінің сезісдері мен әсерін, көргенді мәнерлі түрде жеткізу үшін туындылар негізінен далада жазылған;
- Жоғары жабу қуаты бар бояуларды пайдалану;
- Жаңа жағындыларды әлі кеппеген сурет бетіне жағу;
- Жарық пен көлеңкедегі өзгерістерді зерттеу үшін суреттер циклін құру;
- Өткір әлеуметтік, философиялық немесе діни мәселелердің, тарихи немесе елеулі оқиғалардың бейнелерінің болмауы. Импрессионисттердің еңбектері оң эмоциялармен толтырылады, қайғыру пен ауыр ойларға орын жоқ, мұнда әрдайым жеңіл, қуаныш пен сұлулық, сезімнің шынайылығы мен эмоциялардың ашықтығы көрініс табады.

«Эстетика» оқулығы бойынша Юрий Боровтың предмодернизм кезеңіне немесе бағытына кіретін көркемдік бағыттың бірі эклектизм. «Эклектика» термині әртүрлі стильдерді, пішіндерді және әдістерді біріктіру араластыру дегенді білдіреді. Эклектикалық стиль көптеген жылдар бойы сәулет, дизайн және сән үлгісінде бар. Кең мағынада тұжырымдама философия, психология және бейнелеу өнерінде де қолданылады. XIX ғасырдың ортасынан бастап бұл құбылыс барлық бағыттарға белсенді түрде еніп, қазіргі уақытта өнер, дизайн және архитектураның ең маңызды және тартымды тенденцияларының бірі болып табылады. Эклектизмнің негізгі теориялық идеясы: жасалу уақыты мен орнынан тәуелсіз өткеннің барлық көркемдік жетістіктерінің маңыздылығы және оларға едіктеу мүмкіндігі. Қазіргі кездегі сәулет өнері үшін бөлшектердің жаңа көркем тұтастығын жасауға қажетті өткеннің кез-келген өнерінен алынғанды қосу қажеттілігі. Жаңа туынды суретшінің шығармашылық қызметі үшін қажетті өткеннің өнеріндегі маңызды және тіпті ұмытыла бастағанның барлығын қолдану арқылы дүниеге келеді. Оларға еліктеу, пайдалану, сілтеме жасау жатады.

Эклектизм – туындыны жасауда өткеннің кез-келген қалыптарын, кез-келген ұлттық дәстүрлерді, ашық түрдегі декоративизм мен өзара алмасушылық және шығармадағы бөлшектердің теңмағыналылығы, көркем жүйедегі иерархияның бұзылуы мен жүйелілік және тұтастықтың әлсіреуін білдіретін көркемдік бағыт болып табылады.

Ресейлік зертеушілердің пікірінше, бұл бағыт шетелдік терминологияда романтизм деп аталады, себебі өнердегі романтикалық үрдістер жаңа стильдің негізін қалады. Сонымен қатар, «beaux-art» (боз-ар) и «тарихилық» түсініктері де қолданылады. Бірінші жағдайда, грек және рим дәстүрлерін ұстанған Франциядағы қолданбалы өнер мектебінің атауымен байланысты болса, екіншісі, былайша айтқанда «тарихи» стильдердің қосындысы болғаннан кейін қолданылады. Бұған барокко, ампиризм және классицизм элементтерімен біріктірілген неоренессанс, неоготика, необарокко сияқты көптеген неостильдер жатады.

Қалай десек те, эклектикалық бейімділік әрдайым болған, себебі стильдердің араласуы сәулет өнерінде де, интерьерді жабдықтауда да жиі көрініс табады. Алайда, жеке бағыт ретінде, бар стильдерді біріктіре отырып, жаңаларын жасау қажеттілігі туындаған кезде, тек XIX ғасырда мойындады. Басында архитектуралық эклектика кеңістік пен стильдің дәстүрлі үйлесімділік заңдарын бұзатын теріс құбылыс ретінде қабылданды. Бұл құбылыс стилистикалық нормалары жоқ көрсеткіш ретінде есептелді. Алайда, кейінірек, XX ғасырдың ортасында біртекті және біртепті сәулет өнеріне балама ретінде қарастырылып, эклектика стиль ретінде таныла бастады.

Осы ретте эклектизмге сай сипаттамаларды айтып өткен жөн болар:

- 1) бай зергерлік бұйымдарда сұлулықты іздеу (безендірілмеген = әдемі емес), іскерлік салтанат, шектен тыс безендіру (сәндік бөлшектер фасадтың барлық жерін жабады);
- 2) әр түрлі бөлшектердің, барлық стильдік формалардың тең дәрежеде болуы;
- 3) қалалық ансамбльдегі немесе әдебиет және басқа да шығармашылық туындыларындағы жаппай және бірегей құрылым арасындағы айырмашылықтың болмауы;
- 4) тұтастықтың болмауы;



- 5) симметриялық-осьтік композиция міндетті емес;
- 6) «non-finito» ұстанымы, яғни туындының аяқталмағандығы, кез-келген уақытта, кез-келген жерге қосып сала берсе болады, «non-finito» ұстанымы әдебиет, театр, кино шығармаларына да енді;
- 7) автор, суретші, жазушы, немесе архитектор мен көрерменнің ассоциативті ойлауының артуы;
- 8) антикалық дәстүрден босатылу, әртүрлі кезеңдер мен халықтардың мәдениетіне сүйену, Еуропаның сәулет өнеріндегі «қытай», «египет», «помпей» көріністерінің пайда болуы, яғни экзотикаға тартылу; тарихқа, оның әр түрлі кезеңдеріне, әлемнің әр түрлі аймақтарына көңіл бөлу; уақыттың қайтып келмейтіндігін және тарихтың әрбір кезеңінің құндылығын түсіну;
- 9) көпстильділік, әр түрлі стильдердің жаңаға бірігуі;
- 10) жеке тұлғаның шығармашылық еркіндігі;
- 11) демократизм: әмбебап қалалық баспаналар салу. Әдебиетте көркемдік үдерістегі бұқаралық пен элитарлықтың қарама-қарсылығын азайту.

Предмодернизм бағытына қатысты келесі стиль модерн. Боревтың пікірінше, модерн антикалық пен Ренессансқа қарсы, Ренессансқа дейінге, орыс және батыстық Орта ғасырға бағытталған. Модернге өмір құбылыстарының өзара мағынасын, олардың метафоралық байланысын білдіретін су перісі, кентавр, сфинкс сынды «қосынды» бейнелер қызығушылық тударады. Модерн үшін бұл жердегі емес сұлулықта армандау, шынайы қоршаған ортаға қастық сезімі тән. Ол сәулет өнерінде және қолданбалы өнерде, сонымен қатар графикада кездеседі.

Модерн – күннің батуындағы әлем концепциясын ұстанатын көркемдік бағыт.